

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 тамыздағы N 771 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 25 қарашада Мәскеуде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастығы туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі тараптар деп аталатын үкіметтер тұлғасындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер,
жастар ынтымақтастығын достық қарым-қатынастарын сақтаушы және тереңдетуші фактор ретінде дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылыс білдіре отырып,
қоғамның қазіргі кезеңдегі дамуында жастардың рөлі артып келе жатқандығын
н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

халықаралық жастар ынтымақтастығын тең құқықтық ұстанымдары негізінде кеңейту мен жетілдіру және осы мақсатта мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қатысушы мемлекеттердің, жастар қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың (бірлестіктердің) арасында кең өзара іс-қимылды орнату ниетін растай отырып,
жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастық халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға, жалпы адамзат құндылықтарын бекітуге бағытталған деп е с е п т е й о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы:

1-бап

Тараптар жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастықты мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және қоғамдық жастар ұйымдарының (бірлестіктерінің) желісі бойынша нығайтады және дамытады, олардың жастар ынтымақтастығын қарқындатуға бағытталған бастамаларын қолдайды.

2-бап

Тараптар басымдықтарды айқындау және жастар ынтымақтастығын дамыту мақсатында мемлекеттік органдар мен қоғамдық жастар ұйымдарының тұрақты түрде әрекет етуін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

3-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар өзара мүддені білдіретін мемлекетаралық бағдарламалар мен жекелеген жобалар әзірлейді және орындайды.

4-бап

Т а р а п т а р :

жастармен жұмыс саласының кәсіби мамандарын даярлауда;
ғылыми, анықтамалық-ақпараттық және әдістемелік материалдармен, мемлекеттік жастар саясатын және жастар бастамаларын іске асыруға қатысушы мемлекеттік органдардың, жастар қоғамдық ұйымдарының және өзге ұйымдар мен бірлестіктердің жұмыс тәжірибесімен алмасуда;

жастар саясатының және жастар ынтымақтастығының түрлі мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер және іс-шаралар өткізуге өзара қолдау көрсетеді.

5-бап

Тараптар жастармен жұмыс саласындағы статистикалық және басқа да, оның ішінде :

өз мемлекеттеріндегі жастар саясатын реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік кесімдер туралы;

жастар саясатын іске асыру туралы ақпаратпен алмасуға қолдау көрсетеді.

6-бап

Тараптар халықаралық ынтымақтастық мәселелерінде, оның ішінде Тараптар өкілдерінің халықаралық жастар ұйымдарының қызметіне қатысуына өзара қолдау көрсетеді.

7-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру шеңберіндегі ынтымақтастығы екіжақты және көпжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

8-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жастар ісі жөніндегі кеңесін құрады (бұдан әрі - Кеңес). Кеңес осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Ережеге сәйкес әрекет етеді.

9-бап

Осы Келісімді талдау мен орындау кезінде даулар туындаған жағдайда олар Тараптардың арасындағы келіссөздер немесе кеңестер жолымен шешіледі.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарийға тапсырған

к ү н н е н б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін Келісім депозитарийге тиісті хабарламаны тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделген және осы Келісімнің 10-бабында қарастырылған тәртіп бойынша күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісім оның мақсаттарымен және ұстанымдарымен келісетін және осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді өзіне алуға дайын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылып жатқан мемлекет үшін Келісім депозитарийге қосылу туралы құжаттарды тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына жатпайтын мемлекеттер үшін қосылу барлық Тараптардың келісімімен депозитарийге мұндай қосылу туралы құжаттарды тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Қосылу депозитарийге мұндай қосылуға келісім туралы соңғы хабарлама тапсырылған күннен бастап күшіне енген болып есептеледі.

13-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойына әрекет етеді. Бұл мерзім аяқталған кезде, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, Келісім мерзім біткен әр кезең сайын бесжылдық кезеңге автоматты түрде созылады.

14-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен депозитарийге болжалды шығу күнінен 6 ай бұрын кезеңнен кеш емес мерзімде жазбаша хабарлама жіберіп шыға алады.

Мәскеу қаласында 2005 жылғы 25 қарашада бір дана түпнұсқада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады. Атқарушы комитет Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасының

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Түркменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Украина Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттердің
2005 жылғы 25 қарашадағы
Жастармен жұмыс саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімге
қосымша

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жастар ісі
жөніндегі кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Тәуелсіз, Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жастар ісі жөніндегі кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру үшін құрылады.

1.2. Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, негізін қалаушы халықаралық шарттарды, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде қолданыстағы, ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Кеңестің жұмыс аппаратының қызметтері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетіне жүктеледі.

1.4. Кеңестің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

II. Кеңестің қызметтері

2. Кеңестің қызметтеріне:

2.1. Осы Келісімді іске асыруға байланысты мәселелерді қарау.

2.2. Жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуға көмек көрсету.

2.3. Жастармен жұмыс саласындағы мәселелерді зерделеу мен талдау және олар бойынша ұсыныстар өңдеу.

2.4. Жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастық туралы көп тарапты құжаттар әзірлеу, оның ішінде оларды белгіленген тәртіппен Достастықтың жарғылық органдарының қарауына енгізу, сондай-ақ оларды іске асыруға көмек көрсету.

2.5. Жастар саясаты жөніндегі ұлттық бағдарламаларды әзірлеуге жүзеге асыруға көмек көрсету.

2.6. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, басқа мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың жастармен жұмыс саласындағы тәжірибесін зерделеу және қорыту.

2.7. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің жастармен жұмыс саласындағы кадрларын даярлау, мамандар алмасу және біліктілігін арттыру саласындағы қызметіне көмек көрсету болып табылады.

III. Кеңесті қалыптастыру тәртібі

3.1. Кеңес Келісімге қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдерінен, әрбір мемлекеттен екі адамнан қалыптастырылады. Келісімге қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдері мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қоғамдық жастар және мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды жүзеге асырушы өзге де ұйымдардың (бірлестіктердің) өкілдері болып табылады.

Келісімге қатысушы әрбір мемлекет Кеңесте бір дауысқа ие болады.

3.2. Кеңестің отырыстарында оның шешімі бойынша жастармен жұмыс саласындағы қызметті жүзеге асырушы халықаралық және ұлттық ұйымдардың (бірлестіктердің) өкілдері кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады.

IV. Кеңес жұмысын ұйымдастыру

4.1. Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай, жылына кемінде екі рет өткізіледі және оған Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса құқылы болып танылады.

Кезекті отырыстың өткізілетін орны, уақыты және күн тәртібінің жобасы оның отырысында Кеңес мүшелерінің алдын ала уағдаластығы бойынша белгіленеді.

Кеңестің кезектен тыс отырысы Кеңестің бір немесе бірнеше мүшесінің бастамасы бойынша Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісінің келісімімен өткізіледі.

4.2. Кеңеске төрағалық етуді Келісімге әрбір қатысушы мемлекет оның өкілінің тұлғасында алмастыру қағидаты негізінде, бір жылдан артық емес мерзімге кезекпен жүзеге асырады.

Кеңестің алдыңғы және кейінгі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады. Кеңес Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттері тең төрағалардың біреуіне жүктеледі.

4.3. Кеңестің шешімі осы мәселені талқылауға қатысушы Келісімге қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдерінің үштен екісінің дауысымен қабылданады.

Кеңестің шешімімен келіспеген қатысушылар өздерінің айрықша пікірлерін білдіре алады, олар отырыс хаттамасына енгізіледі.

Кеңестің кез келген мүшесі өзінің қандай да бір мәселеге мүдделі еместігін мәлімдей алады, ол шешім қабылдауға, сондай-ақ оның осы шешімге келешекте қосылуына кедергі ретінде қарастырылмауы тиіс.

Шешім хаттамамен ресімделеді, оған төраға қол қояды.

Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

4.4. Кеңес комиссиялар мен жұмыс топтарын құра алады.

4.5. Кеңестің отырысын өткізуді ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Кеңестің отырысы аумағында өткізілетін ТМД-ға қатысушы мемлекеттің жастармен жұмыс саласындағы мемлекеттік органы ТМД-ның Атқарушы комитетімен бірлесіп жүзеге асырады.

4.6. Кеңес отырысының күн тәртібі отырысқа қатысушыларға отырыс басталардан бұрын 15 күннен кешіктірмей жіберіледі.

4.7. Отырыс барысында құжаттар жобаларына енгізілетін ұсыныстар мен түзетулер

негізінен жазбаша нысанда ұсынылады және отырысқа қатысушылар арасында т а р а т ы л а д ы .

4.8. Кеңес мүшелерін Кеңес отырыстарына қатысу үшін іссапарға жіберу жөніндегі шығыстарды жіберуші тарап мойнына алады.

Кеңестің отырысын өткізуді ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды қабылдаушы тарап мойнына алады.

4.9. Кеңес шешімдерінің, отырыстары хаттамаларының және басқа құжаттарының түпнұсқалары ТМД-ның Атқарушы комитетінде сақталады.

Армения

Республикасының

ескертпесі

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімі туралы" 8.9-тармақ бойынша

7-бап мынадай редакцияда қабылданады: "Осы Келісімді іске асыру үшін Тараптар өзара екі жақты және көп жақты келісімдер жасаулары мүмкін".

Армения

Республикасының

Премьер-министрі

Осымен қоса берілген мәтін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесінің 2005 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында өткен отырысында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің көшірмесімен сәйкес келетіндігін куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақтаулы.

ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы -

Атқарушы хатшысы